



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (113)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН
Бүркітбай Гелманұлы

– ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан

– PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара

– PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ
Өткірбай Мылтықбайұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ
Қуаныш Алдабергенұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҒҰЛЫ
Берік

– кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯҒАН
Буркитбай Гелманулы

– Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан

– кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан

– PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдукап

– PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ
Уткирбай Мылтыкбайулы

– PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырулы

– PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ
Куаныш Алдабергенович

– PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Музей кеңістігіндегі тас мүсіндер: ғылыми зерттеу және экспозициялау мәселелері	
<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Каменные изваяния в музейном пространстве: вопросы научного изучения и экспонирования	
<i>Abdighaliuly B., Kadrimbetova N.</i> Stone statues in museum spaces: issues of scholarly research and exhibition...	8
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Визуальные стратегии Национального музея Республики Казахстан в контексте формирования национальной идентичности	
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контексіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің визуалды стратегиялары	
<i>Kazhenova G.T., Akzhasarova A.K.</i> Visual strategies of the National museum of the Republic of Kazakhstan in the context of the formation of national identity.....	24
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Reconstruction and museumification of the remains of the Golden Man: contemporary methods of research and digitalization	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Алтын адамның қанқа сүйегін жаңғырту және музейлендіру мәселелері: заманауи әдістері мен цифрландыру	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Реконструкция и музеефикация останков золотого человека: современные методы исследования и цифровизация.....	37
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова Қ.Б., Кистаубаева А.Қ.</i> Қазақ кесеқабы: көшпелі тұрмыстың музейлік бейнесі	
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова К.Б., Кистаубаева А.К.</i> Казахский кесеқап: музейное отражение кочевой бытовой культуры	
<i>Asylbekova N.O., Baudiyarova K.B., Kistaubayeva A.K.</i> Kazakh keseqap: the museum image of nomadic lifestyle.....	51

Археология / Archaeology / Археология

<i>Таймагамбетов Ж.К., Алипова С.Б.</i> О некоторых методах естественно-научных дисциплин применяемых в исследовании палеолита Казахстана	
<i>Таймагамбетов Ж.Қ., Алипова С.Б.</i> Қазақстан палеолитін зерттеуде қолданылатын жаратылыстану-ғылыми пәндердің кейбір әдістері туралы	
<i>Taimagambetov Zh., Alipova S.</i> On some methods of natural science disciplines applied in the study of the paleolithic of Kazakhstan.....	62
<i>Талеев Д.А.</i> Келес өңірі қалалары мен қоныстарының типологиясы	
<i>Талеев Д.А.</i> Типология городов и поселений Келесского региона	
<i>Taleev D.A.</i> Typology of cities and settlements of the Keles Region.....	75
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Средневековый форпост Жезды на северных чинках Устьурта: предварительные итоги исследования	
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Үстірттің солтүстік жартастарындағы ортағасырлық Жезді бекеті: зерттеудің алдын ала нәтижелері	
<i>Bisembayev A., Kaldybayeva G., Akhatov G.</i> Medieval outpost Zhezdy on the northern escarpments of Ustyurt plateau: preliminary results of the study.....	89
<i>Иманғалиева М., Акымбек Е.</i> Природный фактор в выборе трасс караванных путей средневековья в Талас-Асинском бассейне	

- Иманғалиева М., Ақымбек Е.** Талас-Аса алабындағы ортағасырлық керуен жолдарының бағыттарын таңдаудағы табиғи фактор
Imangaliyeva M., Akymbek Ye. Natural factor in the selection of medieval caravan routes in the Talas-Asa basin..... 99
- Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә.** Қаратау жартас суреттерінің ішкі семантикалық сипатын саралау
Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай А. Анализ внутренней семантики наскальных рисунков Каратау
Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A. Analysis of the Semantic Properties of the Karatau Rock Pictures..... 112
- Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У.** Археозоологическая характеристика хозяйственного уклада казахской зимовки Тажегүл-2 XVIII–XIX вв.
Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У. XVIII–XIX ғғ. Тәжігүл-2 қазақ қыстауының шаруашылық құрылымының археозоологиялық сипаттамасы
Shagirbayev M.S., Ganiyeva A.S., Sakenov S.K., Idrisheva B.U. Archaeozoological characterization of the economic structure of the kazakh wintering site Tazhegul-2 of the 18th–19th centuries..... 125
- Бекзатқызы И.** Цифровые 3D-модели керамики как источник морфометрических данных (на материалах Костанайского областного историко-краеведческого музея)
Бекзатқызы И. Керамиканың цифрлық 3D-модельдері морфометриялық деректер көзі ретінде (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары негізінде)
Bekzatkyzy I. Digital 3D models of ceramics as a source of morphometric data (based on the materials of the Kostanay regional museum of history and local lore)..... 148
- Этнология / Ethnology / Этнология**
- Somfai Kara D.** Kipchak-Turkic (Kuman) speaking peoples and Hungarian prehistory
Шомфай Кара Д. Қыпшақ-түркі (құман) халықтары және мажарлардың арғы тарихы
Шомфай Кара Д. Кыпчакско-тюркские (куманские) народы и предистория венгров..... 162
- Әшбекова Г.У., Үмітқалиев Ұ.У., Саутбекова А.Г.** Қазақ халқының зергерлік бұйымдарындағы космологиялық символдар мен сакралдық түсініктер (Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі материалдары негізінде)
Әшбекова Г.У., Умитқалиев У.У., Саутбекова А.Г. Космологические символы и сакральные представления в ювелирных изделиях казахского народа (на основе материалов Национального музея Республики Казахстан)
Eshbekova G.U., Umitkaliyev U.U., Sautbekova A.G. Cosmological symbols and sacred concepts in the jewelry of the Kazakh people (based on the materials of the National Museum of the Republic of Kazakhstan)... 168
- Ермекбаева М.А.** Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінің этномәдени семантикасы
Ермекбаева М.А. Этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках
Yermekbayeva M.A. Ethnocultural semantics of the wolf image in Kazakh proverbs and sayings..... 179
- Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утепов О.Т.** Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымы: мифологиялық негіздері мен мінәжат тәжірибелері
Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утепов О.Т. Концепт «Жер-Су» в традиционном мировоззрении тюркских народов: мифологические основы и ритуальные практики
Zhumadilova K.A., Ekici M., Utenov O.T. The concept of «Yer-Sub» in the traditional worldview of Turkic peoples: mythological foundations and ritual practices..... 191

Тарих / History / История

- Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н.* 1920–1930 жылдары Қызылорда қаласында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының құрылуы
Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. Создание средних и высших учебных заведений в городе Кызылорда 1920-1930 годы
Sydykov E.B., Duysen S.Zh., Zhumanbay R.N. Establishment of secondary and higher educational institutions in the city of Kyzylorda 1920-1930 years..... 202
- Baigabatova N. K., Ishkalova G.I.* Labor market adaptation strategies of repatriates in the Zhetysu region
Байғабатова Н.К., Ишкалова Г.И. Репатрианттардың Жетісу облысының еңбек нарығына бейімделу стратегиялары
Байғабатова Н. К., Ишкалова Г.И. Стратегии адаптации репатриантов к рынку труда области Жетысу... 216
- Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж.* Дәруіштер мұрасының Түркістан қаласының рухани-мәдени келбетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы
Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Значение наследия дервишей в формировании духовного и культурного облика города Туркестан
Primkulova G.Zh., Dinasheva L.S., Orynbasarova G.Zh. The role of dervish heritage in shaping the spiritual and cultural identity of Turkestan..... 225

Шолу / Review / Обзор

- Жунисханов А., Маслов Х.Б., Құрманғалиев А. Ә.Т.* Төлеубаевтың «Раннесакская Шиликтинская культура» монографиясына шолу
Жунисханов А., Маслов Х.Б., Курманғалиев А. Обзор на монографию А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура»
Zhuniskhanov A., Maslov Kh.B., Kurmangaliev A. Review of A.T. Toleubayev's The Early Saka Shilikti Culture..... 238

Примкулова Г.Ж.¹, *Динашева Л.С.², Орынбасарова Г.Ж.³

¹«Өзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан

³Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Шымкент, Қазақстан

*e-mail: lazat.dinasheva@iuth.edu.kz

ДӘРҮІШТЕР МҰРАСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақалада ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, дәруіштердің тарихи орны мен дәстүрдің жергілікті мәдениетке ықпалы сараланады. Қожа Ахмет Ясауи мектебі қалыптастырған мұра Түркістан қаласының қайталанбас болмысы мен мәдени бейнесінің іргетасы ретінде қарастырылады. Түркістан өңіріндегі дәруіштік институттың әлеуметтік-мәдени қызметінің әлеуетін айқындауға басымдық берілді. Жұмыстың негізгі болжамы (гипотезасы) ретінде дәруіштер мұрасын заманауи туризм индустриясына жүйелі интеграциялау аймақтың мәдени-тарихи бірегейлігін сақтаудың басты тетігі екені алға тартылады. Бұл феномен Түркістанның рухани келбетін айқындап, бүкіл ислам әлемінің мәдени даму бағытына серпін берді. Дәруіштер құрғақ уағыз айтушылардан жоғары тұрды. Олар халықтың рухани болмысын қалыптастырушы тұлғаларға айналды.

Дәруіштер дала халқының дүниетанымына сай рухани мектептің негізін қалады. Сопылық топтардың қажырлы еңбегімен Түркістанда көптеген киелі нысандар мен теккелер бой көтерді. Уақыт өте келе бұл орындар халықтың діни-мәдени өмірін біріктіретін негізгі арқауға айналды. Осы тарихи сабақтастық Қазақстандағы рухани туризмді жаңғырту мәселесін жаңа деңгейге көтерді. Бүгінде Түркістан қаласы – бүкіл түркі әлемін біріктіретін киелі орын. Өңірдегі зиярат ету мәдениеті мен тарихи туризмді дамытуда дәруіштік дәстүрдің қалдырған ізі қайта жаңғырып, бағасын алуда.

Түркістан тарихында өзіндік із қалдырған дәруіштерге қатысты ғылыми деректер жүйеленіп, олардың қала болмысын қалыптастыруға қосқан үлесі анықталды. Дәруіштік мұраның мәдени туризмді байыта түсудегі маңызына баса назар аударылады. Аталған мәселелер заманауи әлеуметтік антропология мен мәдени географияның әдістемелік принциптері негізінде кешенді түрде талданады.

Кілт сөздер: Ясауи хикметтері, дәруіштер, сопылық, қаландария, зікір, зиярат мәдениеті, Түркістан, рухани туризм.

Дәйексөз үшін: Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Дәруіштер мұрасының Түркістан қаласының рухани-мәдени келбетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы // Мәдени мұра. 2026. № 2 (113). бб. 225-237 (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.18>

Кіріспе

Түркістандағы Ясауи кесенесі ғасырлар бойына сопылық ілімді ұстанушылардың басты жиналатын орнына айналды. Қожа Ахмет Ясауи дүниеден өткен соң оның жерленген жері күллі ізбасарлары үшін киелі мекен болғанын уақыт дәлелдеді. Әсіресе қыс айларында бұл қасиетті орынның рухани тынысы ерекше жанданып, халық жан-жақтан қалаға жаппай ағылатын,

кесене маңында бір апта бойы діни жоралғылар мен рухани жиындар үздіксіз өткізілді (Камаладдини, 2007: 41-42). Бұл басқосулар ұстаз мұрасын ұлықтап қана қоймай, Түркістанның мұсылман әлеміндегі жоғары мәртебесін паш етті.

Шығыстанушылар Орталық Азияны «дәруіштердің классикалық елі» деп атады.

Сопылық ілімнің Орталық Азиядағы бағыты өзінің пайда болуынан бастап исламның тірегі, философиялық негіздемесі болды, түркі тайпаларын исламдандыруда, аймақта исламды шоғырландыруда үлкен рөл атқарды. Осы орайда, дәруіштердің діни тәжірибесі – сопылық ілімнің ең табысты уағызшылары, шәкірттері мен ізбасарлары, ілімді таратушылары ретінде аймақтың ерекше рухани және мәдени ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, сондай-ақ Түркістанды тартымды діни-мәдени және қажылық орталығына айналдырды.

Орта Азияда қызмет еткен орыс офицері Е.Т. Смирновтың «Сборник материалов по мусульманству» (1899) атты еңбегінде Ахмет Ясауидің түркі тайпалары арасында исламды таратудағы айрықша белсенділігі мен нәтижелі қызметі атап өтіледі. Зерттеуші өз еңбегінде: «В настоящее время он национальный святой кочевых племен Средней Азии, второй после Бахауддина бухарского...», – деп көрсетеді. Оның сопылық пен дін таратудағы сіңірген еңбегінің маңыздылығын Әмір Темірдің оның қабірінің үстіне үлкен мешіт-кесене тұрғызуы да дәлелдейді. Кейіннен осы зәулім ескерткіштің айналасында Түркістан қаласы қалыптасқан (Материалы по мусульманству, 1898: 11-12).

Қазіргі таңда Түркістанның ірі туристік орталыққа айналуы және қала инфрақұрылымының айтарлықтай өзгеруі жағдайында сопылық ілім мен дәруіштердің бейнесі қаланың тарихи-этнографиялық, туристік салаларының мәдени және діни мұрасының маңызды элементтеріне айналуы тиіс. Дәруіштер тарихымен байланысты ежелгі дәстүрлер, рәсімдер, сәулет ескерткіштері мен жазбаша дереккөздер бүгінде сақталып қана қоймай, білім мен ғылымда, мәдениет пен туризмде белсенді түрде зерделеніп, интеграциялануда. Осы үрдістер өңірдің экономикалық өрлеуіне, интеллектуалдық әлеуетінің көтерілуіне жол ашады. Бұл үдеріс ұлттық бірегейлікті бекемдеп, халықтың рухани тұрғыдан өзін-өзі тануына серпін береді. Көне мұраны ұлықтау арқылы халқымыздың таным көкжиегін кеңейтуге, ұлттық өзіндік мәдени бейнемізді сомдауға мүмкіндік туады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Ізденіс нысанының деректік қорын жасақтауда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінің рухани

өмірін зерттеген П.А. Позднев (1886) пен Н.С. Лыкошиннің (1895, 1916) іргелі еңбектеріне басымдық берілді. Бұл зерттеулерде сол кезеңдегі сопылық ұстанымдар мен дәруіштердің тыныс-тіршілігін шынайы түрде сипаттауымен үлкен құндылыққа ие. Осы жазбалармен қатар Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» мұрасының қолжазба нұсқалары ілімнің бастау көзі ретінде кең қолданылды.

Көне қолжазбалар мен кейінгі басылымдарды өзара салыстыру сопылық ілімнің астарына еніп оның тылсым қабаттарын ашуға мүмкіндік береді. Осы іргелі деректерді заманауи ғылыми пайымдармен толықтыру мақсатында М.А. Камаладдини (2007), Н. Нұртазина (2006) және Н.А. Томилова (2014) сынды отандық және шетелдік зерттеушілердің ізденістері негізгі бағдар ретінде басшылыққа алынды. Аталған еңбектер топтамасы дәруіштер бейнесін тек діни контексте емес, қоғамның әлеуметтік белсенді бөлігі ретінде танып білуге, сопылық дәстүрдің тарихи сабақтастығына ғылыми баға беруге жол ашады.

Ақиқат іздеушілердің Түркістан өлкесі тарихындағы орнын зерделеу барысында дін мен тарихты, әлеуметтік қырларды біртұтас қарастыратын жүйелі тәсіл негізге алынды. Тарихи объективизм қағидасы дәруіштік институттың аймақтағы ислам мәдениетіне типізген әсерін нақтылауға мүмкіндік берді. Құбылыстың пайда болу (генезис) кезеңдерін жалпы тарихи үдерістің ажырамас бөлігі ретінде зерттеуде жүйелілік әдісі шешуші рөл атқарды. Дереккөздерді саралау, сараптау барысында тарихи-салыстырмалылық тәсіл ішкі байланыстарды анықтауға көмектесті. Осы әдіснамалық тәсілдер тарихи мәліметтерді бір жүйеге түсіруге мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде сопылық мектептің өзіне ғана тән сипаты мен ғасырлар бойы үзілмеген рухани негізін тануға мүмкіндік берді.

Талдау

Алғашқы нышандары байқалып, қарқынды дами бастаған сопылық ілімнің бастауы VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басына сәйкес келеді. Қосөзен аралығындағы Иран мен Иракты, сондай-ақ Орталық Азия мен Африка континентінің солтүстік бөлігін осы ілімге тән ортақ рухани кеңістік қамтыды. «Мистикалық жол» деп аталған ұғымды сопылар жекелеген танымдық ілімдер мен тәжірибелік әдістердің

бірегей жиынтығы ретінде қарастырды және осы дәстүрді түрлі бірлестіктердің көмегімен келесі ұрпаққа аманат етті. Сопылықтың он екі негізгі тармағы немесе «аналық бірлестіктері» XII-XIV ғасырлардың бедерінде толықтай жүйеленді. Түркістан маңында іргесі қаланған «Ясауия» жолы мен оның негізін салушы Ахмет Ясауи есімі осы бірлестіктердің басында тұрды.

Орталық Азиядағы түркі халықтарының ислам дінін қабылдауында сопылық ілімнің атқарған қызметі мен рөлі жоғары екендігі анық. Сопылық діни-философиялық, әлеуметтік, моральдық-эстетикалық ілім ретінде мұсылман елдерінде және мұсылмандар арасында кең таралды. Сопылардың діни тәжірибесі дұғалар бағыштау мен ораза тұту, пендешілік дүниеден алшақтау, қарапайымдылық культін ұстану және т.б. арқылы көрініс тапты. Бірте-бірте исламның осы бағытында Құдайға деген еріксіз сағыныш сезімі, оған деген шексіз сүйіспеншілік пен махаббат және онымен байланыс орнатуға деген ұмтылыс түріндегі мистикалық көңіл-күй күшейе бастады (Зиннатулина, 2012: 55).

Ортағасырлық сопылардың өздерінің көптеген шығармалары және сопылық туралы кейінгі ғылыми еңбектер «сопылық» сөзінің этимологиясын анықтаудан басталады. Терминге қатысты ең көп таралған теориялар бар:

1. Араб сөзінен *сафа* («тазалық»);
2. Араб сөз тіркесінен *ас-суффа* («орындық адамдары», яғни Пайғамбардың мешітінде өмір сүрген тақуа серіктері);
3. Араб сөз тіркесінен *ас-саффа* («бірінші қатарды алатын адам» – мешітте немесе Құдайдың алдында);
4. Араб тілінен аударғанда жүн – *суф* (ең көп таралған нұсқасы), тасаввафа – «жүннен жасалған шапан кию», одан тасаввуф – «жүннен жасалған шапан кию әдеті» (Кныш, 2004: 3-4).

X-XI ғасырларда сопылық тәжірибе жүйеленіп, біршама реттелген және қалыпты түрге ие болады (ақиқат жолы туралы ілім, өзін-өзі моральдық тазарту және жетілдіру тұжырымдамасы). Сопылық ілім адамзаттық құндылықтардың қоғамдық-мәдени өмірдің көптеген салаларына сопылық формада енуінің негізгі арнасы болды. Адам баласының қадірі мен қасиетін, ішкі сұлулығын дәріптейтін рухани құндылықтар сопылық әдебиет арқылы халық санасына сіңді. Аталған рухани ілімнің болмысы сан алуан қырларымен өмірде көрініс табады. Хикметтер мен хикаяттар, астарлы

әңгімелерде осы жалғанның өзекті мәселелері терең философиялық әрі ағартушылық тұрғыда зерделенген (Кныш, 2004: 56-57).

Дүниетанымдық негіздерді айқындайтын «тариқат» ұғымының мәнін бір анықтамамен шектеу қиын. Кемелдікке бастайтын бұл мектеп адамның өзін тануын, ақиқатқа барар жолды және қатаң рухани тәртіпті біріктірді. Терминнің түпкі мағынасына үңілсек, ол кез келген істі мінсіз атқару тәсілін, яғни ақиқат іздеушінің бет бұратын рухани бағытын аңғартады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегінде шарифат, тариқат және хақиқат ұғымдарының өзара байланысы тамыр, бұтақ және жеміс метафоралары арқылы сипатталады. Мұнда шарифат қағидалары білімге бастайтын алғашқы баспалдақ болса, сол білімнің шынайы мәніне тек тариқат арқылы ғана қол жеткізуге болатындығы негізделген (Ясауи, 2004: 53-59).

Қожа Ахмет Ясауи – ірі сопылық шейх, ақын және Ясауия сопылық бірлестігінің негізін қалаушы. Оның кесенесі рухани ғана емес, туристік орталыққа айналды. Дәруіштер Ясауидің шәкірттері мен ізбасарлары ретінде, оның ілімдерін таратуға қатысып, ғасырлар бойы зияратшыларды қызықтыратын ерекше рухани атмосфера құрды. Кезбе, үнемі сапар үстінде болатын дәруіштердің импровизацияланған уағыздары олардың рухани көрегендігі, жағдайды бірден «түсіну» қабілеті – адамдардың өмір салтын, психологиялық құрылымын, жасын, жынысын, әлеуметтік мәртебесін ескеру арқылы жоғары нәтижелерге жетті.

Дәруіштердің мұрасы діни және рухани мәдени құндылықтардың элементтері болып табылатын халуат, завия, текке (сопылық орталықтар), музыка, поэзия және ауызша дәстүр арқылы берілді. XIX ғасырдағы деректерде атап өтілгендей, мұсылман қауымдастығының ішінде дәруіштер өздерінің ішкі ұйымдасу құрылымы бар, өзара тығыз байланысқан және белгілі бір әлеуметтік-рухани ықпалға ие қауымдастықтарды құраған (Сборник материалов по мусульманству, 2017: 50).

Алынған нәтижелер

Ислам дінінің Орталық Азия аймағында сопылық формада орынуында кезбе және тұрақты өмір сүретін дәруіштердің институционалдық қызметі айқындаушы рөл атқарды. Бұл ілім қоғамдық-мәдени өмірдің көптеген салаларына сопылық формада енеді,

оны кезбе және тұрақты өмір сүретін дәруіштер уағыздады, олардың арнайы жиналыс орындары (халуат, завия, текке) рухани насихат пен діни өмірдің орталықтарына айналды. Дәруіштік феноменді жай ғана діни құбылыс ретінде емес, сопылық ілімнің теориялық қағидаларын қоғамдық практикамен ұштастырған өзіндік әлеуметтік-мәдени институт ретінде қарастыру маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, дәруіштер бірлестіктерінің ішкі тәртібі мен тыныс-тіршілік жүйесін зерделеу Орталық Азиядағы исламдану үдерісінің ішкі тетіктерін терең түсінуге мүмкіндік береді (Позднев, 1886: 27).

X–XII ғасырлар аралығында Орталық Азия өңірінде ислам дінінің рухани ықпалының түбегейлі орнығуы дала халқының дүниетанымымен тікелей байланысты болды. Осынау тарихи бетбұрыста жаулаушы әскерлер мен қолбасшылар қарудың күшімен жете алмаған нәтижеге дәруіштер өздерінің парасатты мистикалық ілімімен қол жеткізді. Бұл үдерістің басты себебі – көшпелі түркілердің өмір салтындағы дәстүрлі аскетикалық белгілер мен еркіндік сүйгіш мінез-құлқының сопылық ілімнің өзін-өзі бақылау және рухани ізденіс қағидаларымен ішкі мазмұндық тұрғыдан үндес келуінде жатыр (Нуртазина, 2007: 198).

«Дәруіш» бейнесінің көпмағыналылығы мен мәдениеттегі көпжақтылығы оның тарихи кезеңдердегі әртүрлі қабылдануынан көрінеді (Томилова, 2014: 19). Зерттеу барысында дәруіш тұлғасының үш негізгі семантикалық деңгейі айқындалды: біріншіден, ол белгілі бір діни-мистикалық ілімнің ізбасары; екіншіден, арнайы психо-рухани жаттығулар арқылы даналыққа қол жеткізген тұлға; үшіншіден, дүниелік игіліктерден бас тартқан, қоғамдық қалыптарға бағынбайтын аскет (Томилова, 2014: 24). Рухани кемелдік пен ішкі бостандықтың осылайша бір тұлға бойында тоғысуы ислам әлемінде дәруіштердің әлеуметтік мәртебесін ерекшелеп, олардың халықтық мәдениеттегі трансформациялық рөлін күшейтті.

Ғалым М.Қ. Тұяқбаевтың ізденістеріне сүйенсек, парсы және түркі тілдес ортада «дарвиш» атауы материалдық тұрғыдан жарлы, бірақ рухани бай адамды білдірсе, араб тілді кеңістікте бұл ұғым «*факир*» сөзімен синонимдік қатар құрады. XI ғасырдың ортасынан бастап сопылық мектептердің (тариқат) қалыптасуымен бұл терминдердің мағыналық ауқымы кеңейді. Мақалада жүргізілген жүйелеу нәтижесінде

дәруіштердің өмір сүру салты мен діни тәжірибесіне қарай екі ірі топқа бөлінгендігі нақтыланды:

- Алғашқысы – қоғаммен тығыз байланыста болып, ел аралап, идеяларды таратқан кезбе дәруіштер (қаландарлар);

- екіншісі – арнайы рухани орталықтарда (халуат, завия, текке) өз пірлерінің жетекшілігімен тұрақты өмір сүрген дәруіштер.

Соңғы топтың құрамында қолөнершілер мен саудагерлердің болуы сопылықтың Түркістан секілді ортағасырлық қалалардың шаруашылық-әлеуметтік құрылымымен бірігіп кеткенін көрсетеді. Олар күнделікті кәсіппен айналыса отырып, белгіленген күндері ұжымдық зікірлер мен діни мейрамдарға қатысып отырған.

«Дәруіш» құбылысын географиялық және хронологиялық тұрғыдан күрделі сипаттағы мәдени-әлеуметтік құбылыс ретінде тануға болады. Сопылықта «дәруіш» бейнесін тану үшін бұл құбылыстың маңызды белгілері ретінде дәруіштің ойлауға мистикалық тұрғыда тереңдеуі, байлықтан бас тартуы екендігін түсіну қажет. Кеңес өкіметі орнағанға дейін дәруіштер осы аймақтағы қала өмірінің ажырамас бөлігі болды. Оларды қала базарларында, көшелерде және жолдарда кездестіруге болатын. «Сопылық бауырластықтар сырт көзден таса, ішкі сыры беймәлім қауымдастықтарға ұқсайды және оған ілімнен хабары жоқ жандардың кіруіне қатаң тыйым салынған. Әрбір тариқаттың тізгінін шексіз беделге ие рухани көсемі ұстады. Жергілікті ерекшеліктерге байланысты мұндай тұлғаларды шейх, мүршид, ишан немесе пір деп атады. Ұйымның құрылымы негізінен теологиялық сипатқа ие болды. Өйткені орден басшысы міндетті түрде үзілмейтін рухани алтын шынжырдың бір буыны болып саналды. Әр тариқаттың өзіне тән шежіресі (силсила) болып, ілім құпиялары мен рухани сабақтастық бір шейхтан екіншісіне жалғасып отырды (Сборник материалов по мусульманству, 2017: 52).

Аскетизм, өзін-өзі шектеу және рухани ізденіс идеяларымен қаруланған сопылар мен дәруіштер ислам дінінің географиялық тұрғыдан кең таралуына айтарлықтай ықпал еткені сөзсіз. Осылайша, сопылықтың негізгі өкілдері ретінде қалыптасқан дәруіш феномені исламның түрлі аймақтарында динамикалық түрде орнығуына негіз болды.

Сопылық әлемінде дәруіштердің маңыздылығы мен орны туралы мәліметтерді

Қожа Ахмет Ясауидің танымал «Диуани хикмет» еңбегінен көруге болады. Орталық Азиядағы сопылық дәстүрдің негізі Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен дәруіштердің рухани қызметіне тікелей байланысты. Осы жолды ұстанушылар өздерінің діни рәсімдерінде хикметтерді басты орынға қойған. Дәруіштер өздеріне белгіленген оқшау мекендерде, рухани орталықтарында жиналып дұға оқып, зікір салуды ажырамас амал еткен. Нәпсіні тәрбиелеу үшін қырық күндік шілдеге отырып оразаның ең қатал тәртібіне бағынғандығы белгілі. Бұл ақиқат іздеушілер рухани мұра ретінде хикметтерді халық жадында атадан балаға ғасырлар бойында ауызша аманаттады. Қиын-қыстау саяси және діни қысым кезеңдерінде де мәдениет пен сенімнің өшпеуіне өлшеусіз үлес қосты.

Ясауи хикметтерінде дәруіштердің рухани болмысы мен олардың кемелдікке ұмтылған ішкі әлемі ерекше суреттеледі. Жүрекке ұялаған зікір мен сырт көзге ашыла бермейтін жұмбақ сырлар бұл жандардың тылсым табиғатын айқындай түседі. Тоқтаусыз жол жүру мен тәкбір айту арқылы олар үздіксіз рухани ізденістің мәнін ашқаны айтылады да, өлең жолдары былай жалғасады:

«Машайықтар сыр бүгер, қызметінде бол түгел,

Пайғамбарға жәдігер, қалған осы дәруіштер.

Құл Қожа Ахмет міскін бол, міскіндерге мағына мол.

Дәруіштікті қадірле, көңіл қошы дәруіштер!» (Жетпіс хикмет, 2016: 90-91).

«Жол үстінде отырып, жол сұраған дәруіштер,

Ғайыптан хабар есітіп, жолға түскен дәруіштер.

Асалары қолында, жол дорбасы белінде,

Хақтың аты тілінде, Аллалаған дәруіштер...»

(Жетпіс хикмет, 2016: 91).

Сопылық тариқаттардың ішкі иерархиясы мен силсила (сабақтастық алтын шынжыры) жүйесі Орталық Азия мұсылман қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз етуші негізгі күш болды. Белгілі зерттеуші А. Франктің атап көрсетуінше, аймақтағы сопылық институттар, соның ішінде шейхтар мен ишандар желісі, Ресей империясының әкімшілік реформалары кезеңінде де халықтың ішкі діни-мәдени бірегейлігін сақтап қалуда трансшекаралық интеллектуалдық және рухани бедел иесі қызметін атқарды (Frank, 2012: 41). Бұл

дәруіштер мен сопылық қауымдастықтардың Түркістан шеңберінде ғана емес, бүкіл Еуразия кеңістігіндегі мұсылмандар арасында жоғары мәртебеге ие болғанын айқындайды.

Дәруіштердің қоғамдағы рөлі мен маңызы тарихи, этнографиялық, діни әдебиеттерде әр түрлі уақытта жан-жақты түсіндіріліп келді. Зерттеушілер үшін дәруіштердің бейнесіне деген қызығушылық бірнеше себептерге байланысты болды. Олардың ішіндегі назар аудартқан ең маңыздылары: экзотикалық және мистикалық тәжірибелері; бостандық және поэтикалық ізденістермен бір мезгілде байланысты кезбе, сапар үстіндегі өмір салты; дәстүрлі рәміздерде бейнеленген мистикалық шабыт; дәруіш институтының мистикалық дәстүр ретіндегі көнелігі және шынайылығы.

Түркістан археологиясы мен этнографиясы бойынша көптеген жарияланымдардың, сондай-ақ Орта Азия тарихы мен топографиясы бойынша ортағасырлық шығармалардың орыс тіліндегі бірқатар аудармаларының авторы Н.С. Лыкошин сопылық ілім мен дәруіштерді зерттеу мәселесіне қатысты былай деп жазады: «Сопылық қозғалыстың бүкіл болмысы, табиғаты құпия. Оған қатысы бар кез келген жергілікті тұрғын дәруіштік бағыттың ішкі мәні жайлы айтуға құлық танытпайды, тіс жармайды. Сондықтан бұл тақырыпта қандай да бір ақпарат алу тек кездейсоқ әңгіме барысында ғана мүмкін болады. Ишандықтың өзегі тылсым дүниелер негізінде құрылғандықтан сопылықтың басты идеяларына қарапайым, жай сұрақ жауап арқылы бойлау, оны түсіну аса қиын. Тек қана сопылық бағытта жазылған шығармалармен танысу арқылы ғана бұл ілім туралы түсінік қалыптастыруға болады» (Лыкошин, 1916: 155).

Н.С. Лыкошиннің тағы бір жазбаларында дәруіштердің зікір салу рәсімін былай суреттейді: «... Рухани кемелдікке ұмтылған дәруіштер «алқа» деп аталатын шеңбер құрып бір-біріне бетпе-бет қарап тұрады немесе дөңгелене айналып отырады да, Алланың есімдері мен сипатын түрлі ырғақпен айта бастайды. Олардың дауыстап айтқан зікірлеріне ұласа шеткерірек тұрған екі-үш хафиз сопылық жолдағы ақындардың жырларын әуезді де ащы дауыстарымен оқи жөнеледі.

Жергілікті тұрғындар арасында әсіресе түркі тілінде өлең жолдарымен жазылған Қожа Хафиз, Әзіреті Сұлтан Ясауидің хикметтері жоғары бағаланады. Осы өңірдегі жұрт туындаған

кез келген мәселе бойынша өзінің ойының дұрыстығын дәлелдеу үшін осы ұстаздары хикметтерінің шумақтарын нақышына келтіріп айтуды әдетке айналдырған. Мұндай рухани жиындар бата берумен аяқталады, соңынан ишандар өз қаржысына дайындатқан ортақ ас беріледі» (Лыкошин, 1895: 110-111).

«Зікір алқа құрылды, ей дәруіштер келіндер! Ақ дастарқан жайылды, үлесті одан алыңдар. Сөз ғылымын діттеген, өмірге әлі жетпеген, Кіріптарлық бүктеген, бар байлықтан алыңдар...» (Жетпіс хикмет, 2016: 94).

Ясауия тариқатында оқшаулану, жалғыздық (шілде, халват) өзіндік принциптер мен ережелерге негізделген үлкен маңызға ие. Ахмет Ясауи іліміне сәйкес, «оқшаулану» сөзінде көптеген даналық бар. Оқшаулану кезінде нәпсіні тию, құмарлық пен шайтанның азғыруына қатысты барлық нәрсе жоғалып, адамның жүрегі Құдайдың нұрына толы болуы керек. Ясауи ілімі тұрғысынан оқшауланудың екі түрі бар: Құдайдың заңы бойынша оқшаулану (шарифат) және мистикалық жол (тариқат). Оқшаулану үшін рухани тәлімгердің рұқсатын алып, бір күн бұрын таңертеңгі намаз оқығаннан кейін тасбих (дұға ету) және тахлил (Құдайды мадақтау) шығарылады. Сол күні кешкі намаздан кейін құпиялылық орнының барлық есіктері мен саңылаулары жабылады (шілдехана) және шәкірт (мурид) күн батқанға дейін Құдайды еске алады (зікір) және күнәларын кешіруді Алла тағаладан сұрайды. Оқшаулану 40 күнге (шілде) созылады (Камаладдини, 2007: 41).

Ясауи ілімінде «көңіл («жүрек») көзін ашуға», «көңіл айнасын тазартуға» ерекше мән беріледі. Себебі «жүрек көзінің ашылуы» – ғапылдық ұйқысынан оянып, шынайы адамдық болмысын табуға және кемелдікке ұласуға жол ашатын рухани әрекет. Бұл үшін зікір ғибадаты, яғни Алланы еске алу насихатталып, Ясауи және оның шәкірттерінің хикметтерінде зікір етудің рухани пайдасы жиі-жиі тілге тиек етіледі.

Орта Азия археологиясының негізін қалаушы, қалалардың археологиялық топографиясы, нумизматика, эпиграфикасы бойынша іргелі еңбектердің авторы, тарихшы-шығыстанушы М.Е. Массон «Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви» атты зерттеуінде Түркістандағы кесене ішіндегі және оның жанындағы жерасты Қылует мешітінде Нақшбандия ордені дәруіштерінің қатысуымен өтетін ұжымдық зікір және «ара зікірі» (зікір и-пила) рәсімдерін егжей-тегжейлі

сипаттайды. Ғалым бұл ғұрыптың ерекшелігін сипаттай келе: «Тесным кольцом, сидя на корточках у михраба и качая в такт головами, они особенным образом вкрикивают слова «он» (т.е. бог), а старшие ученики пира, стоящие за кругом, распевают стихи из «Хикмета» Ходжа Ахмеда», – деп жазды. Автор зікір барысында Ясауи хикметтерінің ерекше акустикалық ортада айтылуын және оның қатысушыларға тигізетін психо-эмоционалдық әсерін ғылыми тұрғыдан бақылаған (Города Туркестана, 1999: 25).

Дәруіштер ілімін зерттеуші ғалым П. Позднев те өз еңбегінде: «... Ташкент, Самарқанд көшелерінде және Түркістанның басқа жерлерінде кездескен дәруіштер, еуропалықтар үшін өте жарқын тұлғалар. Дәруіштер еуропалықтарды ерекше құлшылық ету ғибадатымен және жұмбақ көрінісімен таң қалдырады» – деп сипаттама береді (Позднев, 1886: 38). Дәруіштер үнсіз және дауыстап зікір салады. Мешітке келген дәруіштер алқа құрып отырып, оның ішінде сары халқа немесе алқаның басшысы тұрып Жаратушыны еске алады (Позднев, 1886: 249). Дәруіш феномені – бұл сопылық ілім негізіндегі исламдық мистицизм, онда Құдаймен мистикалық бірлік, Құдайға деген ерекше сүйіспеншілік, аскетизм, дүниелік байлықтан бас тарту тақырыптары өзекті болды. Әлемдік мәдениетте дәруіштің бейнесі оның кезбе, үнемі сапар үстінде болуы, аскеттік пен кедейлік, мистикалық сезімнің күші және мистикалық күйге енудің нақты тәжірибелері сияқты сипаттамалық ерекшеліктерімен байланысты.

Дәруіштің сыртқы келбетінің семантикасы оның материалдық құндылықтарды елемейтіндігі дәлелі болды: құрақ шапан, тәспі, жол дорбасы, аса таяғы, суға арналған қабақ дәруіш үшін үлкен символдық мәнге ие.

«...Лыпасы кір қожалақ, көңілінде бір Алла, Қызмет қылар әр сабақ, тыным таппай дәруіштер,

Иығында кір шапан, көңілінде мың арман, Үшбу дүния бипаян, көзге ілмес дәруіштер. Иығында шапаны, қолға ұстаған асаны, Азаттығы басында Алла дейді дәруіштер, Асылы пақыр білсе егер, қиял шаһарын кезер,

Хақ сарайы нұр себер, сағадаттық дәруіштер...» (Жетпіс хикмет, 2016: 91).

«...Бар лыпасы кір шапан, көңілінде мың аян, Еліріп екі жәһәнді, көзге ілмеген дәруіштер.

Дәруіш Хақтың мәнзүрі, зікірі көңіл гүлзары, Хақтың аты арманы, безілдеген дәруіштер...» (Жетпіс хикмет, 2016: 91-92).

П.А. Позднев «Дервиши в мусульманском мире» атты еңбегінде сопылық ордендерінің өзара айырмашылығы көбіне олардың сыртқы киімінен байқалатынын жазды: «Дервиши полагают, что различие орденев прежде всего состоит в их одежде. И писавшие о дервишестве утверждают, что все дервишеские ордена отличаются между собой главным образом одеждою своих последователей, а именно – тюрбаном (головным убором), формою верхнего платья, цветом и материей, из которой делается все это. Но если бы кто захотел отыскать основательную причину такой разницы, тот не нашел бы ее» (Позднев, 1886: 157-158).

Ғалым Марат Тұяқбаевтың жинаған деректері бойынша дәруіштердің күнделікті өмірі туралы мәліметтерді келтіруге болады. Дәруіштер қатарына қабылдану үшін олардың психикалық, физикалық шыдамдылығы сыналған. Осы сынақтан өткендер пірдің қолын алып, сопылық жолында 1–2 жыл көлемінде жан-жақты білім негіздерін игерген. Дәруіштер белгілі бір білім деңгейін игеріп, сәтті өткен жағдайда, ұстаздары түрлі-түсті мата құрағын беріп, шапандарына жамаған. Шапандарындағы түрлі-түсті құрақтар дәруіштің білім деңгейі туралы мәлімет береді. Үлкен сынақтың бірі – 40 күн шілдеханаға түсу, зікір салу, Құран оқу, т.б. Сонымен қатар, дәруіштер қара жұмысқа да салынған. Дәруіштердің қарапайым өмір сүргені туралы дәлелдің бірі – олардың тамақ мәзірі. Күнделікті тұтынатын тамақтарынан – нан, мейіз, шай ғана болған. Шыдамдылық сынағынан өту үшін дәруіштер үндемеуге, шаштарын қимауға ант беріп отырған.

Сопылық ілімді игеруде тұрақты өмір сүретін дәруіштер ханака, завия, теккеде өмір сүрген. Бұл орындар көбінесе мазарларға жақын орналасқан. Парсы тілінде «хангах» деп бірге өмір сүретін жай, сопылардың діни әдет-ғұрпын атқаратын жер және сапаршылар (дәруіш, каландар т.б.) тоқтайтын «үй» деген мағыналарды беретін сөзді айтады. Сопылық ханака – бұл сопылар үшін баспана, тұрақ (өз үйлері жоқ немесе сапар шегушілер үшін), көпшілікпен діни әдет-ғұрып пен талаптарды орындайтын жер, мысалы: ораза тұту, зікір салу, намаз оқу, Құран оқу, күндіз-түні атқарылатын ғұрыптарға қатысу мен кездесулер өткізу, тіпті, оқып-біліп ілімін

толтыратын жер деуге де болады. X ғасырдың соңына қарай тұрақты түрде жұмыс істейтін ханакалар пайда бола бастады, оларда «ұстаз-шәкірт» институттары қалыптасып, мистикалық жолға түскендердің қоғамдық орталығына айналды. Орталық Азиядағы, атап айтқанда Түркістан өңіріндегі сопылық мектептер мен ханакалардың тарихи рөлін зерттеуде қасиетті әулеттер (қожалар, ишандар) феноменін бөле-жара қарау мүмкін емес. Профессор А.К. Мүминов өзінің зерттеулерінде қазақ мұсылман қоғамындағы қожалар қауымының рухани билік пен исламдық ілімді таратудағы, ел арасындағы тұтастық пен үйлесімділікті сақтаудағы айрықша рөлін дәлелдейді (Мүминов, 2011: 303). Ахмет Ясауи кесенесі мен оның айналасындағы ханакалар осындай рухани элитаның шоғырланған және дәруіштердің тәлім алатын басты интеллектуалдық орталығы қызметін атқарғаны сөзсіз.

Түркістан қаласында Өзірет Сұлтан кесенесі құрамына енген алып құрылыстың да «ханака» екендігіне толық көз жеткіземіз. Тіпті, Ахмет Ясауиге дейін де мұнда жергілікті сопылар өмір сүрген ханака құрылысы болғандығы әбден мүмкін. Ханаканы салғанда әрбір бөлменің қызметі алдын ала анық белгіленді, олар жиынтығында үлкен кешенді тұраққа айналып отырды. Кей жерлерде ханака құрамында мешіт те болды. Негізгі құрылыс ішіне діни ғұрыптық бөлмелер мен асханалар да біріктіріле тұрғызылды. XVI ғ. бастап ханакалардың орнын түріктік суфизм қауымдастықтарының тұрғын жайлары – теккелер баса бастады, бұл Осман империясының Мағрибті жаулап ала бастаған тұсы еді. Түркістан өңірінде текке де, завия да, халуат та кездесе береді. Бір Түркістанның өзінде Үлкен халуат, Кіші халуат, Шілдехана, ханака да (Өзірет Сұлтан кешені), Құмшық ата зікірханасы да орналасқан.

Көпше түрінде «зауаия» деп айтылатын бұл термин, «бұрыш» немесе кішігірім бөлме, сопының тұрағы деген мағына береді. Бұл сөздің мағынасы ғасырлар бойы өзгеріп отырды. Алғашында мешіттің ішіндегі немесе жанындағы бір бөлме есебінде шәкірттерді оқып-жазуға, Құранды оқып-талдауға пайдаланылған жай. Кейінірек сопылар шейхының тұрғын үйі ретінде айтылатын болды, мұнда шейх мүридтерге ілім беріп, уағыз да жүргізетін. «Завия» терминінің ең көп тараған жерлері Солтүстік Африка мен Андалусия болды, мұнда завиялар сопылықтың

уағыздалуы мен кең таралуына көп пайдасы тиді. Завияда суфистік шейхтан толық білім алған соң, кез келген мүрид өз туған жеріне қайтып, өзінің завиясын салып, ілімін таратуға болатын.

XII–XIV ғғ. сопылық бірлестіктер (бауырластықтар) пайда болып дами бастағанда, завия тұрақтарының маңызы арта түсті және олардың қызметі де ұлғая берді. Олар бірлестіктің ұжымдық та, экономикалық та орталығына айнала бастады және суфизмді уағыздау орталығы болатын. Осы кезден «завия» деп үлкен құрылыстар кешенін айта бастады, оның құрамына жергілікті әулиенің кесенесі (бірлестікте соның есімімен аталды), кішігірім мешіт, шейхтың тұрғын үйі, Құран оқитын және мүридтерге сабақ берілетін дәрісханалар, мүридтердің жатын бөлмелері, жолаушыларды (дәруіштерді) қабылдайтын орындар (мұнда оларға тегін тамақ, баспана берілді) енетін еді.

Әдетте, завияның жанында кішігірім мазарат орналасатын, онда қайтыс болған сопылар да, өздері осында жерлеуді өсиет еткен қарапайым адамдар да жерлене беретін. Мұндай сопылық завиялар жергілікті мұсылмандардың садақа, нәзір, құрбандықтары мен сапар шеккендер, дәруіштер пітір-садақаларынан және негізінен завияларға вакф ретінде берілген жерлерден түскен табыстар арқасында өмір сүрді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Орталық Азияның есебінен өз иеліктерін кеңейтті, ал 1867 жылы патша Александр II Ресей империясының Түркістан генерал-губернаторлығын құруды мақұлдады. Түркістанның бірінші генерал-губернаторы генерал К.П. фон Кауфманның (1818–1882) бұйрығымен «Түркістан альбомы» жасалды. Онда 1200-ге жуық ақ-қара фотосуреттерді, сондай-ақ сәулет құрылысы жоспарларын, акварель эскиздерін және карталарды қамтитын Орталық Азия туралы өте құнды көрнекі материалдар жинақталды. «Түркістан альбомының» фотосуреттерінен де Орталық Азия дәруіштерінің бейнесін көруге болады. Олар жергілікті халықтар арасында белгілі бір санатты құрады. Дәруіштер өздерін сопылық ілімнің ізбасарлары деп санады. Сақталған фотосуреттерде дәруіштердің топтарын көруге болады, кейде олармен бірге рухани тәлімгерлері – пірлері де ақ түсті бас киіммен ерекшеленіп тұрады.

Орталық Азия аумағындағы дәруіштер 1872–1913 жылдар аралығында «Түркістан

альбомы» мен С. Прокудин-Горскийдің туындыларын қоса алғанда, альбомдар мен арнайы иллюстрацияларда суретке түсіріліп, шығарылды. Бұл, бір жағынан, туристерді тарту және аймақ имиджін экзотизациялау үшін дәруіштердің бейнесін қоғамдық кеңістікте сақтау, екінші жағынан, олар аймақтағы Ресей билігінің қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін деген түсінікке байланысты олардың санын азайту саясаты жүргенін айқындайды (Отчёт Дудина, 2021: 191–192). XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуымен аймақтағы исламдық институттардың, соның ішінде сопылық бауырластықтардың қызметі отаршыл биліктің жіті бақылауына алынды. П. Сартори мен Д. Росс жинақтаған зерттеулер көрсеткендей, патша өкіметі сопылық шейхтар мен дәруіштердің халық арасындағы ықпалынан сескене отырып, олардың рухани билігі мен құқықтық өрісін (шариғат шеңберін) шектеуге тырысқанымен, сопылық қауымдастықтар қоғамдық-әлеуметтік өмірдің ажырамас элементі ретінде өз пәрменділігін жоғалтқан жоқ (Sartori & Ross, 2017: 15). «Түркістан альбомындағы» дәруіштердің визуалды бейнелері де биліктің осы бір «беймәлім әрі жұмбақ» рухани күшті хаттау және бақылау мақсатынан туындаған болатын.

Санкт-Петербургтегі мемлекеттік дін тарихы мұражайының коллекциясында сирек кездесетін экспонат ретінде Орталық Азиядағы аскет-дәруіштің киім үлгілерінің жиынтығы сақталған. Бұл сопылық ұстанушылардың келбеті мен атрибуттарын көрнекі түрде нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Мұражайда дәруіш киімінің элементтерін көруге болады: шапан, қалпақ және белбеу, сондай-ақ арнайы ыдыстары – каду және кашкуль. Кашкуль формасы асқазанға ұқсайды және Сейшел пальмасының жемісінен жасалып, оюланған каллиграфиялық жазулармен, гүлдердің, құстардың, жануарлардың және адамдардың мүсіндерімен безендірілген. Металдан соғылып, бетіне ою-өрнек пен асыл тас бейнесіндегі әшекейлер қондырылған кашкуль ыдыстар дәруіштер тұрмысынан мағлұмат береді. Тамақ пен су сақтауға арналған мұндай ыдыстарды жасауда көбіне сопақша келген табиғи қабақтар қолданылған. Ақиқат жолындағы жолаушылардың рухани серігіне айналған «тылсым» заттардың ішінде өзіндік ерекше пішінімен ерекшеленетін аса таяқтардың орны бөлек деуге болады. Әсерлі бұтақтар мен

ағаш тамырларынан шебер өңделіп жасалған бұл бұйымдар дәруіштердің болмысын айқындайды, олардың мистикалық қуатын бейнелейтін символдық нысан қызметін атқарды.

Дін мен білім іздеп ел кезген және түркі сопылығының маңызды өкілі саналған дәруіштерді халық қашанда сыйлы тұлға деп білген. Олар жалған дүниені тәрік етіп, ішкі тазалық жолын таңдады. Ел аралап Хақ сөзін жеткізді. Мұндағы екі білім деп отырғанымыз – шарияттың сыртқы қағидасы мен хикметтің ішкі сырының ұштасуы. Осы қос қанатты қатар меңгергендіктен, жұрт оларды нағыз рухани көсем ретінде таныды. Қазақ даласында сопылар мен пірлердің, дәруіштер мен ишандардың беделі өте жоғары болды. Мұндай құрметті қонақты үйге түсіру жай ғана дәм татыру емес еді. Бұл шаңыраққа береке шақырып, ұрпаққа тәлім берудің бір жолы болатын. Осы бір ізеттілік арқылы ата-бабамыз дін мен дәстүрді ажыратпай ұстағанын байқаймыз. Дәруішке деген ілтипат ұлтымыздың рухани тамыры терең екенін және Ясауи салған сара жолдың ғасырлар бойына өшпегенін дәлелдейді. Бұл мұраны қазіргі қоғамның тарихи-мәдени жадында жаңғырту маңызды ғылыми және мәдени міндеттердің бірі болып табылады.

Қорытынды

Түркістан аймағындағы дәруіштер институты мен сопылық дәстүрлердің тарихи-мәдени рөлін кешенді түрде зерттеу нәтижесінде келесідей негізгі тұжырымдар айқындалды. Халықтың күнделікті тіршілігінде дәруіштер түрлі салт-дәстүрлер мен діни жоралғыларды атқаруға мұрындық болса, қажылық сапарларда сенімді жолсерік міндетін атқарды. Зікір салу мен ғибратты әңгіме айту сияқты сопылық амалдар зиярат етушілердің қатарын көбейтіп, киелі орындарға деген қызығушылықты арттыра түсті. Осы орайда, өлкенің өзіндік рухани бейнесін сомдауда дәруіштердің қосқан үлесі айрықша маңызға ие. Бүгінгі таңда осы бай қазынаны аймақтың мәдени-танымдық және діни туризм саласын өркендету үшін тиімді

пайдаланудың маңызы зор. Осынау тарихи тұлғалардың болмысы тек өткен күннің белгісі емес, ол саяхатшыларды қызықтыратын, ұлттық бірегейлікті бекемдейтін құнды мәдени мұра болып саналады.

Ясауи мұрасы белгілі бір географиялық шекарамен немесе тар уақыт аралығымен шектелетін мәдени дәстүр ғана емес. Түркі халықтарының ортақ қазынасына айналған хикмет дәстүрі тұтас бір өркениеттің іргетасын қалады. Ата-бабаларымыздың тілі мен әдебиетіне, тіпті күнделікті салтына енген бұл құндылықтар ғасырлар бойы жұртымыздың рухани қажеттілігін өтеп келеді. Жан дүниені тазартып, рухты шыңдайтын зікір мен риязат секілді амалдар Орталық Азия халқының өмір салтына ертеден-ақ сіңіп кеткен. Аталған құндылықтар адам баласына тіршіліктің мәнін ұғынуға көмектесті. Қанша уақыт өтсе де, қазіргі қазақ тұрмысында бұл көне жоралғылар әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтпай, сабақтастығын сақтап қалған.

Көне мен жаңа ұштасқан Түркістанның қазіргі келбетінен үлкен жаңғырудың ізін көруге болады. Осынау тарихи өлке заманауи нысандармен, алып ғимараттармен толығып, туристер ағылатын ірі мәдени орталыққа айнала бастады. Шаһардың басты қазынасы – Әзірет Сұлтанның қалыптастырған рухани соқпағы мен асыл мұрасы екені анық. Мұндағы бабалар мұрасы мен сақталған жәдігерлер жердің қасиетін паш еткендей әсер береді. Түркістанды тек өткен күннің белгісі деп емес, келешекке жол сілтейтін білім ордасы деп қараған дұрыс. Халықаралық зерттеулер мен отандық тарихнама нәтижелері көрсеткендей, бұл қала ғасырлар бойына бүкіл түркі жұртының рухани тірегі әрі Ұлы Жібек жолының басты торабы болғанын әрдайым айғақтай бермек. Көне тарих пен заманауи жаңалықтар тоғысқан Түркістан бүкіл түркі халқының ортақ мақтанышы әрі қасиетті мекені саналады. Шаһардың қайта түлеуі – Ұлы Дала өркениетінің жаңа сатыға көтерілгенінің айқын көрінісі.

Зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP256103507 «Түркістан өңірінің қалалық мәдениеті әлеуметтік-мәдени эволюциясы және трансформациясы контекстінде (XVIII–XXI ғасырдың басы): дәстүрлі қаладан қазіргі заманға дейін» тақырыбы бойынша гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде әзірленді.

Әдебиеттер

1. Города Туркестана: сборник научных статей, 1999. Отв. редактор К.М. Байпаков. Алматы: Ғылым. 172 с.
2. Жетпіс хикмет, 2016. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы. Алматы: Информ-Арна. 136 б.
3. Зиннатуллина Л.Р., 2012. Роль дервишизма в распространении суфизма и его отражение в художественной литературе // Вестник Челябинского государственного университета. №20 (274). Филология. Искусствоведение. Вып. 67. С. 55–57.
4. Камаладдин С.Б., 2007. Туркестанский старец и его мистический путь // Материалы международной конференции «Суфизм в Иране и Центральной Азии» (2–3 мая 2006 г., Алматы). Отв. редактор, сост., пер. С. Абдулло. Алматы: «Дайк-Пресс». 324 с.
5. Кныш А., 2004. Мусульманский мистицизм: краткая история / Пер. М. Романова. Москва; Санкт-Петербург: Диля. 464 с.
6. Лыкошин Н.С., 1916. Полжизни в Туркестане: очерки быта туземного населения. Вып. 1. Петроград: Т-во «В.А. Березовский». 415 с.
7. Лыкошин Н.С., 1895. Роль дервишей в мусульманской общине. Ташкент, 27 июля 1895 г. 22 с.
8. Материалы по мусульманству. Вып. 1. Дервишизм в Туркестане, 1898–1899. Ташкент: тип. Штаба Туркест. воен. окр. 24 с.
9. Нуртазина Н., 2007. Суфийский идеал рыцарства и героические традиции кочевников // Материалы международной конференции «Суфизм в Иране и Центральной Азии» (2–3 мая 2006 г., Алматы). Отв. редактор, сост., пер. С. Абдулло. Алматы: «Дайк-Пресс». 324 с.
10. Отчёт С.М. Дудина о поездках в Среднюю Азию в 1900–1902 гг. С фотографиями С.М. Дудина, 2021. Подг. текста, вступ. статья, прим. Т.Г. Емельяненко. М.: Фонд Марджани. 561 с.
11. Позднев П.А., 1886. Дервиши в мусульманском мире: исследование Петра Позднева. Оренбург: тип. Б. Бреслина. IV, XXXVIII, 336 с.
12. Сборник материалов по мусульманству. Т. 1, 1899. Сост. по распоряжению [и указаниям] Туркест. ген.-губернатора, ген.-от-инфантерии С.М. Духовского; под ред. поручика В.И. Ярового-Равского. Санкт-Петербург. 157 с.
13. Томилова Н.А., 2014. Мотив дервишества в русской литературе (на материале творчества Сухбата Афлатуни, Тимура Зульф리카рова, Александра Иличевского): автореф. дис. ... канд. филол. наук. Москва. 181 с.
14. Яссави Ходжа Ахмед, 2004. Хикметы / Общ. ред. М.Х. Абусеитовой; пер. А.И. Ибатова, З. Жандарбека, А.Ш. Нурмановой, Н.Ж. Сағандыковой. Алматы: Дайк-Пресс. 208 с.
15. Frank A.J., 2012. Bukhara and the Muslims of Russia: Sufism, Education, and the Paradox of Islamic Prestige. Leiden; Boston: Brill. 214 p.
16. Муминов А.К., 2011. Родословное древо Мухтара Ауэзова / При участии А.Ш. Нурмановой и С. Саттарова. Алматы: Жибек жолы. 304 с.
17. Sartori P., Ross D. (Eds.), 2017. Sharia in the Russian Empire: The Reach and Limits of Islamic Law in Central Eurasia, 1550–1917. London: Royal Asiatic Society; Edinburgh University Press. 360 p.

References

1. Goroda Turkestana: sbornik nauchnykh statei, 1999. Otv. redaktor K.M. Baipakov. Almaty: Gylym. 172 p. [in Russian].
2. Zhetpis khikmet, 2016. «Aziret Sultan» memlekettik tarikhi-madeni muzei-qorygy [Seventy hikmets]. Almaty: Inform-Arna. 136 b. [in Kazakh].
3. Zinnatullina L.R., 2012. Rol dervishizma v rasprostranении sufizma i ego otrazhenie v khudozhestvennoi literature [The role of dervishism in the spread of Sufism and its reflection in fiction]. Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. No. 20 (274). Filologiya. Iskusstvovedenie. Vyp. 67. P. 55–57. [in Russian].

4. Kamaladdin S.B., 2007. Turkestanskii starets i ego misticheskiy put [The Turkestan elder and his mystical path]. Materialy mezhdunarodnoi konferentsii «Sufizm v Irane i Tsentralnoi Azii» (2–3 maya 2006 g., Almaty). Otv. redaktor, sost., per. S. Abdullo. Almaty: «Daik-Press». 324 p. [in Russian].
5. Knysh A., 2004. Musulmanskii mistitsizm: kratkaya istoriya [Muslim mysticism: a brief history]. Per. M. Romanova. Moscow; Saint Petersburg: Dilya. 464 p. [in Russian].
6. Lykoshin N.S., 1916. Polzhizni v Turkestane: ocherki byta tuzemnogo naseleniya. Vyp. 1 [Half a lifetime in Turkestan: essays on the life of the native population. Issue 1]. Petrograd: T-vo «V.A. Berezovskii». 415 p. [in Russian].
7. Lykoshin N.S., 1895. Rol dervishei v musulmanskoj obshchine [The role of dervishes in the Muslim community]. Tashkent, 27 iyulya 1895 g. 22 p. [in Russian].
8. Materialy po musulmanstvu. Vyp. 1. Dervishizm v Turkestane, 1898–1899 [Materials on Islam. Issue 1. Dervishism in Turkestan]. Tashkent: tip. Shtaba Turkest. voen. okr. 24 p. [in Russian].
9. Nurtazina N., 2007. Sufiiskii ideal rytsarstva i geroicheskie traditsii kochevnikov [The Sufi ideal of chivalry and the heroic traditions of nomads]. Materialy mezhdunarodnoi konferentsii «Sufizm v Irane i Tsentralnoi Azii» (2–3 maya 2006 g., Almaty). Otv. redaktor, sost., per. S. Abdullo. Almaty: «Daik-Press». 324 p. [in Russian].
10. Otchet S.M. Dudina o poezdках v Srednyuyu Aziyu v 1900–1902 gg. S fotografiyami S.M. Dudina, 2021 [S.M. Dudin's report on trips to Central Asia in 1900–1902. With photographs by S.M. Dudin]. Podg. teksta, vstup. statya, prim. T.G. Emelyanenko. Moscow: Fond Mardzhani. 561 p. [in Russian].
11. Pozdnev P.A., 1886. Dervishi v musulmanskom mire: issledovanie Petra Pozdneva [Dervishes in the Muslim world: a study by Petr Pozdnev]. Orenburg: tip. B. Breslina. IV, XXXVIII, 336 p. [in Russian].
12. Sbornik materialov po musulmanstvu. T. 1, 1899 [Collection of materials on Islam. Vol. 1]. Sost. po rasporyazheniyu [i ukazaniyam] Turkest. gen.-gubernatora, gen.-ot-infanterii S.M. Dukhovskogo; pod red. poruchika V.I. Yarovogo-Ravskogo. Saint Petersburg. 157 p. [in Russian].
13. Tomilova N.A., 2014. Motiv dervishstva v russkoi literature (na materiale tvorchestva Sukhbata Aflatuni, Timura Zulfikarova, Aleksandra Ilichevskogo): avtoref. dis. ... kand. filol. nauk [The motif of dervishhood in Russian literature (based on the works of Sukhbat Aflatuni, Timur Zulfikarov, Alexander Ilichevsky): abstract of candidate dissertation in philology]. Moscow. 181 p. [in Russian].
14. Yassavi Khoja Akhmed, 2004. Khikmety [Wisdoms]. Obshch. red. M.Kh. Abuseitovoi; per. A.I. Ibatova, Z. Zhandarbeka, A.Sh. Nurmanovoi, N.Zh. Sagandykovoi. Almaty: Daik-Press. 208 p. [in Russian].
15. Frank A.J., 2012. Bukhara and the Muslims of Russia: Sufism, Education, and the Paradox of Islamic Prestige. Leiden; Boston: Brill. 214 p.
16. Muminov A.K., 2011. Rodoslovnnoe drevo Mukhtara Auezova [The genealogical tree of Mukhtar Auevov]. Pri uchastii A.Sh. Nurmanovoi i S. Sattarova. Almaty: Zhibek zholy. 304 p. [in Russian].
17. Sartori P., Ross D. (Eds.), 2017. Sharia in the Russian Empire: The Reach and Limits of Islamic Law in Central Eurasia, 1550–1917. London: Royal Asiatic Society; Edinburgh University Press. 360 p.

Примкулова Г.Ж.¹, *Динашева Л.С.², Орынбасарова Г.Ж.³

¹Национальный историко-культурный музей-заповедник «Эзирет Султан»
Туркестан, Казахстан

²Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узекалы Жанибекова
Шымкент, Казахстан

*e-mail: lazat.dinasheva@iuth.edu.kz

ЗНАЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ ДЕРВИШЕЙ В ФОРМИРОВАНИИ ДУХОВНОГО И КУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ГОРОДА ТУРКЕСТАН

Аннотация. В данной статье как основной объект исследования рассматриваются дервиши как распространители ислама и носители суфийской культуры, а также их

роль в жизнедеятельности местного населения. Наследие школы Ходжи Ахмеда Ясави рассматривается как основа уникальной культурной и духовной идентичности города Туркестан. Гипотеза работы заключается в том, что систематическая интеграция наследия дервишей в современную индустрию туризма является главным механизмом сохранения культурно-исторической уникальности региона. Этот феномен определил духовный облик Туркестана и придал новый импульс направлению культурного развития всего исламского мира. Дервиши играли более широкую роль, чем религиозные проповедники, и стали носителями духовных ценностей общества.

Город Туркестан издавна считался духовным центром тюркского мира. Учение и наследие великого суфийского наставника Ходжа Ахмеда Ясави оказали значительное влияние на развитие религиозной мысли его последователей, а также на культурные и духовные традиции. Дервиши не только распространяли исламское мировоззрение в Туркестане, но и формировали собственные традиции духовной культуры. В результате деятельности дервишей, придерживавшихся учения Ясави, в городе и его окрестностях сформировались святыни, текке и традиция паломничества.

В статье рассматриваются научные данные о дервишах как ключевых исторических персонажах Туркестана. Авторами анализируется их роль, определяется степень влияния данного наследия на историю города и развитие современного культурно-религиозного туризма. Указанные вопросы комплексно анализируются на основе методологических принципов современной антропологии и культурной географии.

Ключевые слова: хикметы Ясави, дервиши, суфизм, каландрия, зикр, Туркестан, культура зиярата, религиозный туризм.

Для цитирования: Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Значение наследия дервишей в формировании духовного и культурного облика города Туркестан // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). С. 225-237 (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.18>

Primkulova G.Zh.¹, * Dinasheva L.S.², Orynbasarova G.Zh.³

¹National Historical and Cultural Museum-Reserve «Aziret-Sultan», Turkestan, Kazakhstan

²International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan

³South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov
Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: lazat.dinasheva@iuth.edu.kz

THE ROLE OF DERVISH HERITAGE IN SHAPING THE SPIRITUAL AND CULTURAL IDENTITY OF TURKESTAN

Abstract. Based on scholarly research, the article analyzes the historical role of dervishes and their impact on local culture. The heritage of the Khoja Ahmed Yasawi school is considered the foundation of Turkestan's unique identity. Priority is given to identifying the socio-cultural potential of the dervish institution. As the main hypothesis, integrating dervish heritage into modern tourism is argued to be the key mechanism for preserving regional identity. This phenomenon shaped Turkestan's spiritual appearance and influenced the entire Islamic world. Dervishes became figures who formed the people's spiritual identity.

They founded a spiritual school aligned with the steppe worldview. Through Sufi efforts, numerous shrines and tekkes were built, becoming a main thread in integrating religious life. This historical continuity has raised spiritual tourism in Kazakhstan to a higher level. Today, Turkestan is a sacred place uniting the Turkic world, where dervish traditions are being revived and highly valued through pilgrimage culture.

Scientific data on dervishes are systematically organized, and their contribution to shaping

the city's identity is identified. Emphasis is placed on the great importance of dervish heritage in enriching tourism. These issues are comprehensively analyzed based on the fundamental methodological principles of modern social anthropology and cultural geography.

Keywords: Hikmets of Yasawi, dervishes, Sufism, Qalandariyya, Turkistan, dhikr, ziyarat culture, spiritual tourism.

For citation: Primkulova G.Zh., Dinashева L.S., Orynbasarova G.Zh. The role of dervish heritage in shaping the spiritual and cultural identity of Turkistan // Madeni mura. 2026. №2 (113). pp. 225-237 (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.18>

Авторлар туралы мәлімет:

Примкулова Гаухар Жанқұлқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ғалым хатшы, «Өзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-9074-9458

Scopus ID: 57192078077

Динашева Лазат Сәрсенбековна, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0000-0003-0831-4162

Scopus ID: 57192089895

Орынбасарова Гүлжан Жаксымбетовна, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-4131-9152

Сведения об авторах:

Примкулова Гаухар Жанкуловна, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, ученый секретарь, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Өзірет Сұлтан», Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-9074-9458

Scopus ID: 57192078077

Динашева Лазат Сәрсенбековна, кандидат исторических наук, профессор, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-0831-4162

Scopus ID: 57192089895

Орынбасарова Гүлжан Жаксымбетовна, кандидат исторических наук, и.о. ассоциированного профессора, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-4131-9152

Information about authors:

Gauhar Primkulova, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, National Historical and Cultural Museum-Reserve «Aziret-Sultan», Turkistan, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-9074-9458

Scopus ID: 57192078077

Lazat Dinashева, Candidate of Historical Sciences, Professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkistan, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-0831-4162

Scopus ID: 57192089895

Guljan Orynbasarova, Candidate of Historical Sciences, Acting Associate Professor, South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-4131-9152